

## Төтенше жағдайларды қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 18 желтоқсан N 575

1. Қарағанды облысының әкіміне Қарағанды қаласындағы тұрғын үйде газ жарылысы зардаптарын жою үшін төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан 11,33 млн. (он бір миллион үш жүз отыз мың) теңге одан:

зардап шеккендер үшін пәтер сатып алуға - 7,12 млн. теңге;

зардап шеккендердің айрылған мүліктерін қалпына келтіру үшін материалдық көмек көрсетуге - 4,21 млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 80 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін: "200,0 (екі жүз) млн. теңге" деген сөздер "188,67 млн. (жүз сексен сегіз миллион алты жүз жетпіс мың) теңге"; "120 (жүз жиырма) млн. теңге" деген сөздер "108,67 млн. (жүз сегіз миллион алты жүз жетпіс мың) теңге" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қарағанды облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1996 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың көлемі мен құны туралы мәлімдейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы үшін бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр